

## АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ АЙТЫЛУ ЖӘНЕ ЖАЗУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

**Меруерт П. Тауекел,**

*4 курс студенті, Шет тілдер теориясы мен  
практикасы кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада тілдік ұғымға тереңірек анықтама жасап ғылыми шолу жасалынады; сонымен қатар ағылшын тілінің жазу жүйесіне жіте назар аударылып, дұрыс жазу жүелері қарастырылады

**Түйін сөздер:** Тіл, тілдік құбылыс, грамматика, диалект, дұрыс жазу жүйесі.

«Тіл» деген сөзді қалай түсінеміз? Әрбір құбылыс әрбір заттың өзіндік бір тарихы болғандай, біздің күнделікті өмірде қолданып жүрген тіліміздің да өз шығу тарихы бар. Қай тілге жете назар аударсақта тілдік тарихы тереңде жатыр. Ал тіл тарихы - сол тілді жасаушы, сол тілді қолданушы халықтың тарихымен байланысты. Олар бірін-бірі байытады, бірін-бірі толықтырады. Тілдік деректерді — тарих, тарихи мәліметтерді - тіл пайдалана алады. Тіл алдымен ғылыми тұрғыдан зерттелінеді. Соның нәтижесінде тілдің табиғаты, оның даму заңдылықтары айқындалады, ондағы тілдік категориялар сараланады. Ол категориялар мен заңдардың бір-бірімен байланысы, өзара қарым- қатынасы анықталады. Сөйтіп, белгілі бір тіл туралы қорытындылар, топшылаулар жасалынады. Сол қорытындылар мен топшылаулар негізінде грамматикалық, яғни ғылыми немесе нормативті оқулықтар жазылады, түрлі сөздіктер құрастырылады.

Дегенменде, әуелі еңбек, онан соң тіл, екеуі екі жақтан адам баласы миының дамуына күшті әсер етті. Ал мидың дамуы ойлаудың дамуына әсер етті. Ойлаудың (сананың) дамуы өз тарапынан еңбек пен тілге, олардың дамуына әсерін тигізеді. Еңбек процесінде адам баласы қоғамының тууы — бұл үшеуінің (еңбек, тіл, сана) әрі қарай дами беруіне мүмкіндіктер мен жағдайлар жасады.

Жалпылап айтқанда, ұжымда бірлесе еңбек ету әрекеті өзара қатынас жасау қажеттілігін тудырды. Осыдан біртіндеп алғашқы сөздер туады, тіл мен ой

пайда болады. Тіл мен ойлаудың шығуын алғашқы адамдар ұжымынан бөліп қарауға болмайды. Тіл еңбекпен бірге ұжымда туды. Тілдің пайда болуы ойлаудың пайда болуымен, тілдің дамуы ойлаудың дамуымен тығыз байланыста болады.

Коммуникациялық құралдың грамматикалық ерекшеліктері. Жер ғаламшарында 7 миллиардтан астам адам бар. Ал сол адамдардың негізгі байланыстырушы құралы – тіл болып табылады. Барлығымыз білетіндей тіл бейнеленген жазбаша және көркем түрде ауызша болады.

Қазіргі таңда жазбаша жазудың 3 түрлі жүйесі кең тараған: латын, кириллица және араб жазулары. Осы жазу жүйесі дыбыс пен әріптің, әріп пен дыбыстың сәйкестігі қамтамасыз етілмегенін байқаймыз. Менің ана тілім қазақ тілі негізінен кириллицаны қолданғанымен болашақта латын әліпбиіне өту жоспарлауда. Ағылшын тілінде 46 фонеманы беру үшін 26 әріп, түрлі 118 графема пайдаланылады (графема-тілдің графикалық жүйесіндегі ең кіші единица). Ана тіліміз қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Сонымен қатар қырғыз, татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық, қарайым, қырымтатар тілдеріне жақын.

Қазақ тілі диалектілерге бөлінбейтіні ғылыми түрде дәлелденген. Барлық өлкелердің қазақтары бір-бірін жақсы түсінеді. Бірақ кейбір деректерге немесе әдеби шығармаларға сүйенсек қазақ тілі облыстық немесе аумақтық диалектіге бөлінеді.

Аз уақыт бұрын жасалған зерттеулер *Encyclopedia Ethnologue: Languages of the World* этнологиялық энциклопедиясына сүйене отырып (2013), дүниежүзінде 7000-ға жуық ауызша тіл бар екен деген тоқтамға келді (нақты мәлімет алу үшін [http:// www.ethnologue.com/web.asp](http://www.ethnologue.com/web.asp) сайтынан көре аласыз). Энциклопедия бойынша өз тілі бар деп шамамен 5000 нан

астам елдерді атайды. Бірақ бұл нақты сан емес деп ойлаймын, себебі біз білмейтін шетте қалған немесе жойылып кеткен тілдер саны қаншама:?!

Бүгінгі сездерді дұрыс жазу жүйесі ертеректегі айтылуына негізделеді. Содан бері ағылшынның айтылу жүйесінде болған өзгерістер, баспадан шыққан көптеген материалдардың әсерінен қатып қалған қазіргі дұрыс жазу жүйесіне өте қатты әсерін тигізе қоймаған десті.

Осыған байланысты қазіргі ағылшын дұрыс жазу жүйесі әрімен қарай орфографиясы үнемі дерлік тілдің фонологиясы туралы біздің білетінімізді көрсете бермейді. Қолымыздағы жазу жүйесі адамдардың жүз жыл бұрын жазғанын аудармасыз оқып түсінуге мүмкіндік беретіні бұл кемшіліктің орнын толтырмақ. Егер сездердің айтылуы мен жазылуы бірдей болса, біз Шекспир мен Диккенсті оқи алмаған болар едік.

Ағылшын тіліндегі жазу жүйелігі. Тілдер өзгереді. Сөздің айтылуы мен жазылуының арасында тура сәйкестіктің болуы да мүмкін, болмауы да мүмкін. Мысалы, ағылшын тіліндегі омофондарды алып қарар болсақ, төмендегі мысалда көрсетілгендей, айтылуы бірдей сездердің жазылуы бөлек болғаны бізге көрсете алады :

*The book was red. The book was read.*

Льюис Кэрролл бұл тақырыпқа осындай мысалмен пікір қалдырады :

*«And how many hours a day did you do the lessons?» said Alice.*

*«Ten hours the first day», said the Mock Turtle, «nine the next, and so on».*

*«What a curious plan!» exclaimed Alice.*

*«That's the reason they're called lessons», the Gryphon remarked, «because they lessen from day to day».*

Айтылуы бөлек сөздердің жазылуы бірдей болуының себебі бар. Түрлі мәнмәтінде келген жағдайда морфема түрліше айтылады. Сөздің бірдей жазылуы сөздің түрлі айтылуының бір морфеманы білдіретінін көрсетеді. Осыған грамматикалық тұрғыдан көптік морфемасы мысал бола алады. Cats сөзінде [s] деп, dogs сөзінде [z] деп айтылғанымен, жазылу

кезінде екеуінде де s жазылады. Қандай жағдайда да, морфеманың айтылуы ереже арқылы анықталатыны айдан анық. **Осы кезде морфема терминіне түсіндірме жүргізе кететін болсақ морфема ол** – сөздің мағыналы ең кіші бөлшегі, грамматикалық ұғы

Айтылуы бірдей болған жағдайда шатасып қалуымыз мүмкін болғандықтан, бір морфеманың айтылуының түрліше болып келетін кездері де болады. Мысалы, ағылшын ылінде нақты бір жағдайда /t/ дыбысын /s/ дыбысына айналдыратын фонологиялық ереже бар:

*democrat -> democracy*

Дұрыс жазу жүйесінің осылайша түрлі болып келуінің тағы бір себебі, ол белгілі бір ереже барлық морфемаларға тән бола бермейтінімен байланысты болса керек. Мысалы: heart + y жалғанған кезде “*hearcy*” емес, “*hearty*” болады. Тілдің ауызша және жазбаша кіші бірлігінің ережелері морфемалардың қай кезде бірдей айтылып, қай кезде өзгеруі қажет екендігін анықтайды.

Басқа да ерекшеліктер баршылық, у; i, e с дыбыстарының алдында келген с дыбысы /s/ болып айтылады: *cynic, citizen, censure*. Сөздің соңында келген жағдайда немесе өзінен кейін жоғарыда аталғандардан басқа дауыстылар келген жағдайда ол [K] болып оқылады: *coat, cat, cum* және т.б. *Rather, mother* және *the, they, this, there* сияқты көмекші сөздердегідей th дауыстылардың ортасына келгенде уяң [d] болып оқылса, кейбір кездері [t] ретінде естілгенімен, катан [θ] ретінде айтылады: *Thomas, Theres, Thai*.

Сөздің дұрыс жазу жүйесі айтылуына сай келмеуінің аса маңызды себебі бар. Ағылшын диалектілерінде сөздің айтылуы түрліше болып келеді. Кейбір деректерде ағылшын диалектіде h дыбысы түсіп қалса ((h)*itches*), ал басқа бір деректерде r дыбысын айтпайды: [nider] деп оқылуы қажет *neither* сөзі америкалықтар үшін [naidər] немесе [nidə] болса, британдықтар үшін [naidə] болса, ирландықтар үшін [naidə], шотландықтар үшін *night* сөзі [nixt] деп оқылады. Сондай-ақ «*Chicago*» сөзі «*Chicawgo*» деп «*hog*» сөзі

«hawg» деп, ал «bird» сөзі 'boyd» деп айтыла береді. *Four* сөзі британдықтар үшін [fo:], батыста [ for], оңтүстіктерінде [foa] деп айтылса, *orange* сөзінің АҚШ-та екі түрлі айтылуы бар: [arəndz] және [ərəndz].

Тілдің бірлігі. Сөздің айтылуы әр диалекте әртүрлі болғанымен, олардың жазылуы бірдей бола береді. Жазба тіл жергілікті диалектімен шектеліп қалмауы керек деген тұжырымды айта келе, мақаланы Вильгельм фон Гумбольдттың мынадай цитатасымен аяқтағым келеді

«Тілдердің әртүрлілігі - таңбалар мен дыбыстардың әртүрлілігі емес, әлемге деген көзқарастардың әртүрлілігі».

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Фромкин В., Родман Р., Хайамс Н. Тіл біліміне кіріспе
2. LINGUISTIC RELATIVITY John A. Lucy Committee on Human Development, The University of Chicago, Chicago
3. Enclopedia Ethnologue: Languages of the World этнологиялық энциклопедиясы ([http:// www.ethnologue.com/web.asp](http://www.ethnologue.com/web.asp)) 2013